

ОӘК 376017

## ТҰРЫСБЕК СӘУКЕТАЕВТЫҢ «АЙҚАРАҢҒЫСЫ» РОМАНЫНДАҒЫ АЛМАТЫ ОБРАЗЫ

Аманғазықызы Мөлдір  
[moldir\\_amangazykyzy@mail.ru](mailto:moldir_amangazykyzy@mail.ru)

«6D021400 - Әдебиеттану» мамандығы бойынша 1 курс докторанты, Л.Н.Гумилев атындағы  
Еуразия ұлттық университеті  
Ғылыми жетекшісі: Оразбек Мақпал Социалқызы

Қала бейнесін, қала адамдарының қым-қиғаш тіршілігін шығарма мазмұнына өзек ету әлемдік әдебиетте ертеден қалыптасып, бүгінгі күнге дейін жалғасын тауып келеді. Зерттеушілер көптеген шығармаға ортақ болып келетін қала көріністерін бөліп, жүйелеп берген болатын. Солардың ішінде қаланы жанды құбылыс ретінде тану кең өріс алған.

Қала көркем шығармаларда кейіпкерлердің ішкі сезімі мен көзқарасына ерекше әсер етеді. Қазақ әдебиетінде көптеген қаламгерлеріміздің шығармасына арқау болған Алматы қаласының образын Б.Бұлқышевтың «Алматылықтар», Ә.Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдар», З.Қабдоловтың «Менің Әуезовім», т.б. шығармаларынан көруімізге болады. Бұл шығармалардан Алматы қаласын әр қырынан танимыз. Бұл заңды да. Айталық, орыстың ұлы ақыны Пушкиннің «Медный всадник» поэмасында монархтың қарапайым халықтың наразылығына қарамай, Санкт-Петербургті батпақтың үстіне тұрғызылған қала ретінде суреттегенін көреміз. Дәл осы қала Пушкиннің басқа шығармаларында басқа қырынан танылады. Бұл автордың шығармадағы алдына қойған мақсатына байланысты мәселе болса керек. Орыс қаламгері Гогольдің «Шинель» повесінде Петербург елес-қала кейпінде көрінеді. Мұндай қалада толыққанды өмір сүрудің мүмкін еместігін автордың баяндауынан байқауға болады. Мәселен, Гоголь: «Есть в Петербурге сильный враг всех, получающих чetyреста рублей в год жалованья или около того. Враг этот не кто другой, как наш северный мороз, хотя, впрочем, и говорят, что он очень здоров. В девятом часу утра, именно в тот час, когда улицы покрываются идушими в департамент, начинает он давать такие сильные и колючие щелчки без разбору по всем носам, что бедные чиновники решительно не знают, куда девать их» [1, 11]. Бұл жолдардан қаланың адамдарды жатсынатындығын аңғарамыз. Кейіпкерлердің арасындағы рухани үйлесімнің, жылылықтың жоқтығын автор осылайша жеткізген сияқты. Қала образын сипаттау арқылы жазушы өз оқырманын кейіпкерінің ішкі әлеміне бойлауға, кейіпкер іс-әрекетінің мотивін түсіндіруге, шығарманың негізгі сюжетін тануға мүмкіндік алады.

Біз өз мақаламызда жазушы Тұрысбек Сәукетаевтың «Айқараңғысы» романындағы Алматы образын зерттеу нысанына алдық. Роман 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына арналған.

Оқиға «қыстың қыраулы көзіне шуақ ұялап, ерекше жайдары мінез танытып тұрған» [2] Алматының әсем табиғатын суреттеуден басталады.

Осы тұста шығарманың бас кейіпкерлері – Әзиз-Сұлтан мен Сәбираның Шымбұлақтың қия беткейінде шаңғы теуіп, «мынау жалпақ әлемді жалғыз екеуі жайлағандай, еркелей асыр сап, сақылдай күліп мәз-мәйрам» [2] болған күйіне куә боламыз. Жазушы өз кейіпкерлерінің ішкі әлемін табиғат көріністерімен шебер астастырады. Көркем туындыдағы табиғат көріністерінің қызметі туралы ғалым Б.Майтанов: «Көркем туындыдағы пейзаждың функциясы үш түрлі арнаға саяды. Сюжеттік орайда ол – оқиғалық уақыттың өлшемі. Композициялық тұрғыда ол көркемдік жолмен қабылданған әлем тұтастығын білдіреді. Шығарманың идеялық-мазмұндық астарларына қатысты ол характерологиялық

міндеттер атқарады» [3, 83], - дейді. Жазушы Т.Сәукетаев «Айқараңғысы» романында алда болатын әрекеттер алдында табиғат көріністеріне баса назар аударады. Мәселен, екі жастың тауда алаңсыз «аспан астын күлкіге толтырып, асыр сап» [2] сырғанап жүрген сәтінде «тау сілемінен ойнап шыққан қара бұлттың қара құстай қанатын жайып екпіндеуін» [2] суреттеу арқылы жазушы кейіпкерлерінің өмірінде алда болатын келеңсіз жайлардан хабар бергендей. Осы оқиғадан кейін қазақ жастары елдегі саяси өзгерістерге наразылықтарын білдіріп, әділдік іздеп алаңға жиналады. Ал, Әзиз-Сұлтан болса, Шымбұлақтан оралған күні анасынан: «Әкең әл үстінде. Тез жет!» [2] деген жедел хат алып, ауылына аттанады да, алаңдағы оқиға туралы кеш біледі. Ауылдағы болашағы күнгірт тұрмыс Әзиз-Сұлтанның еңсесін басып, үлкен ойға қалдырады. Филология ғылымдарының докторы Г.Пірәлі «Айқараңғы ақиқаты» мақаласында: «Азып-тозған ауыл өмірі, келешегі күнгірт ұрпақ тәрбиесі, ұлтымыздың ішкі діл, рухани тірегінен «ұшарын жел, қонарын сай білетін қаңбақтай» қауқарсыз халі Әзиз-Сұлтанды алдағы үлкен күреске психологиялық тұрғыдан даярлайды» [4], - дейді. Оның үстіне, ауылдан қалаға келе жатқанда жолсерікпен болған диалог үстінде Әзиз-Сұлтан үшін талай сырдың беті ашылған болатын. Қазақ халқы неге осынша құлдырауға түсіп бара жатыр екен деген сауал көкейінен кетпей қояды. Бұл кезде қазақ жастары алаңда әділдік жолында арпалысып жатқан еді...

Алаңдағы оқиға алғашында бейбіт шеру ретінде басталғанымен, алаңға жиналған жастарға жасалған әділетсіздік, қазақ қыздарына көрсетілген қорлық жастардың санасына серпіліс беріп, оқиғаның мүлде басқа арнаға бұрылуына әкеп соқтырады. Алаңдағы оқиғаны суреттеуде автор психологиялық параллелизм тәсілін шебер пайдаланады. Мәселен, «Әр жүректе кек пен өшпенділіктің оты қоздап қызына түсті. Іштегі қыжыл ақтарған сайын өршіп, бөгет бұзған тасқындай тоқтау берер емес. Бірін бірі іліп әкетіп, бірінен бірі асыра, уытын үстемелей сөйлейді. Шатақ іздеп шабына қараған суық көз, сұсты жүздер салбыраған сұрқай аспанмен астасып түнеріп тұр» [2], - деп, автор қазақ жастарының ішкі толғанысын табиғатпен тығыз бірлікте, яғни психологиялық параллелизм тәсілінде бейнелейді. Әзиз-Сұлтан ауылдан Алматыға оралғанда, «Аяз буып... Алматы әдетінде жоқ қырау қабақ, қабарған зәрлі жүзбен қарсы алды» [2], - деп, жазушы табиғатқа жан бітіреді. Алаңда озбырлық көрген қазақ жастарының жай-күйін де «Жаралы жас Алматы» тарауында: «Қансырап, жарасы жанға батқан Алматы ыңырсып жатыр. Талай тағдырдың шырқыраған дауысы тас түрменің ішінде тұншықты» [2], - деп, бір ауыз сөзбен бүкіл қазақтың басына төнген қасіретті бейнелейді.

Жоғарыда сөз еткеніміздей, романның өн бойында автор Алматыны жанды құбылыс ретінде танытып, кейіптеудің прозадағы үлгісін көрсетеді. Осы тұста шығармадан нақты дәлелдер келтірсек: ««Мен» деген талайдың бейшаралығына куә болғысы келмей қорғалақтаған тағы бір таң беті қызарып ұяла атып келе жатты Алматы аспанында» [2], - деп, алаңдағы оқиға кезінде жастардың жанынан табылмаған қоғам қайраткерлерінің бейшаралығын баса айтып, тіпті таң да ұяла атып келе жатыр деп суреттесе, енді бір тұста: «Саяси өмірге құлағы түрік зиялы Алматы бүгін жүрегі лүпілдеп ерте ояңған» [2] деп суреттейді.

Шығарманың баяндау құрылымында автор-баяндаушы ретінде көрінген Т.Сәукетаев тарихи шындықтың көркемдік шындыққа ауысуын сәтті шығарған. Қаламгер өмірде болған және әлі де арамызда жүрген тарихи тұлғалардың бейнесін сомдай отырып, көркем шығармадағы образын жасайды. Олардың қатарында көрнекті қоғам қайраткері Дінмұхамед Қонаев, белгілі ақын Олжас Сүлейменов, Миронин, Айтуаров, Михаил Сергеевич Горбачев, желтоқсан оқиғасының қаһармандары Қайрат Рысқұлбеков (романдағы Әзиз-Сұлтан), Сәбира Мұхаметжановалар (романдағы Сәбира) бар.

Романда кейіпкерлердің ішкі рухани әлемін, жан дүние қалтарыстарын танытуда жазушы ішкі монологқа көп жүгінеді. Бұған қоса, ішкі монологтың авторлық және персонаждық түрлерін (формаларын) қатар алып отырады. Ішкі монологтың персонаждық түрі ретінде алынған Д.Қонаевтың сөзі оқырман сезіміне әсер етпей қоймайды. Алаңдағы қазақ жастарының өзіне деген үлкен сый-құрметін көргенде: «- Ардағым, асылым деп

тұрсындар-ау, қарақтарым. Елжіреген жүректеріңнен айналайын. Ықыластарыңнан садаға кетейін! Бірақ мен сендер үшін не істеп, не тындырдым? Сендердің тағдырларың, болашақтарың үшін дәл өстіп басымды бәйгеге тіккен жерім болды ма? Сендер ойлағандай мінсіз әулиемін бе? Сендер елестеткен кісілік биікке көтеріле алдым ба? Әттең дүние, өткен күннің медетінен өкініші мол екен. Мен де жұмыр басты пенденің бірімін ғой, қарақтарым. Сүрінген, адасқан тұсым көп болыпты. Қас деп доспен алысыппын, жуас деп нәрсізді жинаппын айналама. Енді міне, көз алдымдағы көк тұман сейілгендей, жақсы-жаманды басқаша парықтап, бармақ шайнап пұшайман болып тұрғаным мынау!...» [2] - деп, өткенге өкінсе, бір мезетте, «Осы уақытқа дейін сендер маған бас иіп келсеңдер, енді мен сендердің ізгіліктеріңнің алдында басымды иемін, асау жүрек, абзал ұрпағым. Қалған ғұмырымда сенің тілеуіңді тілеумен өтермін. Тек сен аман болшы!...» [2], - деп, бойын жинап алғандығын аңғарамыз. Автор кейіпкерінің ішкі ойына өз тұжырымын беруде автор монологына жүгінеді. Оған романда мысал көп-ақ. Айталық, Д.Қонаевтың ішкі монологынан кейінгі: «Иә, опық жейтін жайлары көп-ақ. Осы келген көген көздердің қайсыбірінің шекесі шеруен атып тұр дейсің. Көбі «жетім бұрышты» сағалап, көрінгеннің босағасында жаутаң көз болып жүргендер. Ұзағаны жатақхананың тар бөлмесінде бала-шағасымен қысылып-қымтырылып күнелтуде. Жұмыстың ақысы аз, лас, ауырын істейтін де солар. Өз елінің астанасында адам сияқты тіршілік ете алмау, келімсектей қағажу көру, әлбетте, кімге де болса қорлық. Оқу бітірген жастардың Алматыда тұрақтап қалуы қиын. Жақында қала бойынша әлеуметтік талдау мәліметтерімен танысып отырып төбе шашы тік тұрды. Алматы ауыр машина жасау зауытындағы қазақ инженер-техниктерінің үлес салмағы екі проценттен аспайтын болып шықты. Ал, электр шамы зауытындағы жалпы қазақтың саны бір процентке де жетпейді екен. Есесіне, балабақшалардағы күтуші, ауруханалардағы санитар, еден тазалаушылардың жартысына жуығы – пединституттардың қазақ бөлімін бітірген қыз-келіншектер. Қазақ жастары құрылыста, завод-фабрикалардың денсаулыққа зиянды, жұмысы ауыр цехтарында басым» [2] деп келетін автор сөзі бұл сөзімізге дәлелсіз айғақ бола алады.

Т.Сәукетаев «Айқараңғысы» романында әдеби түс көру тәсілін де психологиялық бейнелеу құралы ретінде қолданады. Романның №13 камера тарауында алаңдағы оқиғаға қатысқаны үшін Әзиз-Сұлтанның көрген азапты күндері баяндалады. Жазушы «Бұл - елу жыл бұрын Сәкен Сейфуллин жатқан №13 камера болатын» [2], – дей келе, «Ұрпағы тәу етіп дұғасын бағыштар артында бейті де қалмаған қайғылы ақынның сая таппай әлемді шарқ ұрған рухы әрекідік осы тар қапасаға да соғып кететін шығар» [2], - дейді де, Әзиз-Сұлтанды ақынның аруағымен тілдестіреді. Мұнда Сәкен Сейфуллиннің аруағы елес-кейіпкер дәрежесіне көтеріледі. Елес-кейіпкер портреті романда төмендегідей суреттеледі: «Бір қасы жоғары, бір қасы төмен, бір көзі жұмық, бір көзі айналып сыртына шығып кеткен; мұрнының жотасы жапырайған, аузы опырайған; мұрттың бір шалғысы бар, бір шалғысы жоқ, күйген бе, жұлынған ба – белгісіз. Кейіпсіз құбыжық!» [2]. Елес-кейіпкер өткен өміріндегі қателіктері үшін қатты налитынын айтып, өкінішін білдіреді. Бұл жердегі автордың шығармаға Елесті енгізуінің де бекер еместігі анық. Г.Пірәлиеваның «Көркем прозадағы психологизм және оның бейнелеу құралдары» еңбегінде: «Түстің, Елестің пайда болуының нанымдылығы түс көруші-кейіпкердің екі ұшты сезімде, патопсихологиялық, патофизиологиялық сезім құбылыстарымен қабаттасып, өң мен түс, есті мен ессіздік арасындағы бейсаналы сәтке сәйкес келуінде жатыр» [5, 47], - дейді. Шынында да, түрмеде азап шегіп, өң мен түстің арасында жатқан Әзиз-Сұлтанға Елес болып келген атақты ақынның Аруағы жігері таусылып бара жатқан жастың рухын оятып кетеді. Осы романды талдауда ғалым: «Жазушы ақынның ақталуы арқылы Тарих сотын береді, шындықты тірі пенде емес, тек Аруақтар, яғни тарих қана айта алады деген идеяны ұстанады» [4], - деген пайымын айтады. Шындығында, бұл оқиғаға да тарих өз бағасын берді.

Алматы образы романда өте маңызды рөл атқарады. Бірінші кезекте, ол іс-әрекеттер жүзеге асатын орын ретінде қолданылса, екіншіден, сол кездегі ел астанасы болған қаланың философиялық көзқарас тұрғысынан да маңызы ерекше. Бұл турасында жазушының романда: «Өз елінің астанасында адам сияқты тіршілік ете алмау, келімсектей қағажу көру,

әлбетте кімге де болса қорлық» [2] деген ойы келтіріледі. Бір жағынан, Т.Сәукетаев нақты кезеңдегі нақты қаланың образын жасау арқылы романның құндылығын арттыра түскен.

Қорытындылай айтсақ, Тұрысбек Сәукетаевтың «Айқараңғысы» романы арқылы 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы тұсындағы Алматының шынайы образын көре аламыз. Автор Алматыны оқиғалар орын алатын кеңістік ретінде ғана емес, барлық оқиғаға тікелей қатысы бар жанды құбылыс ретінде алады. Романның көркемдік қуатының жоғары болуы да осыдан болса керек.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Гоголь Н.В. Шинель. Издательство: Астрель, Полиграфиздат, 2012.
2. Сәукетаев Т. Айқараңғы. dev.kitar.kz. Пайдаланған уақыты: 17.03.2019 ж.
3. Майтанов Б. Қаһарманның рухани әлемі. - А., 1987. – 232 б.
4. Пірәлі Г. «Айқараңғы» ақиқаты. egemen.kz. Пайдаланған уақыты: 17.03.2019 ж.
5. Пірәлі Г.Ж. Көркем прозадағы психологизм және оның бейнелеу құралдары. Оқу құралы. – Алматы, 2016.